

"Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 741 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті Орталықты мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Орталықтың жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізісін;

2) Орталықтың әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 19 шілдедегі

N 741 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар жасаудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 703 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 26, 334-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "2004-2007 жылдарға арналған инфекцияға қарсы жаңа препараттар әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасында:

"8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бөлімде "Орындау (іске асыру) үшін жауапты" деген бағанда: "Ұйымдастыру іс-шаралар" деген кіші бөлімдегі реттік нөмірі 2-жолдағы "БҒМ" деген аббревиатура "ИСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"Негізгі ғылыми-техникалық іс-шаралар" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-жолдарда "ҚР БҒМ Орталық" деген сөздер "ҚР ИСМ, Орталық" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.